**2021-2022 оқу жылында 8 «Ә» сынып оқушыларымен жыл бойына атқарылған тәрбие жұмысының есебі**

Сыныпта барлығы 5 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар - 4, қыздар - 1. Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек-қазан айында үйлерін аралап шықтым.

Жыл басында 2021- 2022 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс шаралар ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады. 1қыркүйекте сыныбымда «Тәуелсіздік жетістіктері!» атты сынып сағаты өтті.

Жыл басынан яғни қыркүйектен бастап 8 «Ә» сыныбының сабақтарына қатысып, сынып оқушыларының тәртібін, сабаққа деген ынталарын,үй тапсырмаларын қаншалықты орындайтындықтарын бақыладым.Бақылау кезінде оқушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап,оларға ескертулер айтып отырдым. Әр аптаның бесінші күндері күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым. Әсіресе күнделікті уақытында толтырып, пәндерден алған бағаларын сол бойда қойдыруларына үлкен мән беріп отырдым. Жыл басынан әр аптаның бейсенбі күндері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткіздім. Жыл бойына мектепте өткізілген қоғамдық іс-шараларға сынып оқушылары барынша белсене араласты,пәндер апталықтарына қабырға газеттерін шығарып, мерекелерде сахна көріністеріне ат салыса қатысып жүлделі орындарға ие болды.
Елбасы Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы мәртебесі- желтоқсан тұңғыш президент күні» және «Тәуелсіздік туы желбіресңн» атты тәрбие сағаты өтті.Оқушылар 1986 жылғы көтерілістің шығу себептерін білу арқылы, көтеріліске қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізді мақтанышпен айта алды. Мектепішілік олимпиадаға оқушылар белсене қатысып,жүлделі орындарға иеленді.Сынып оқушылары интеллектуалды марафонға да белсене қатысты.

Жыл қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі 40 пайызбен оқу жылын тәмәмді. Оқушылар жыл бойы мектептің қоғамдық іс шараларына белсене қатысты.

Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар қауіпсіздік ережелері мен талаптарды есте сақтау керектігін айта отырып, балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешу қажет екендігін ескерте отыра ата-аналарды қауіпсіздік ережесімен таныстырдым

Сынып жетекші: Қамзин С.Ж..